

Болашақ мамандарға мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу

2023 жылдың 15 наурыз айында «Мемлекеттік қызмет мектеп» ғылыми үйірме аясында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті және Атырау қаласы әкім аппаратының қызметкерлерімен бірлесіп 6B04102 – Саладағы менеджмент, 6B04103- Экономика және мемлекеттік басқару білім бағдарламасы бойынша 3, 4 курс студенттерімен еркін форматта «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасушы үміткерлермен кездесу өткізді.

Басты мақсат – болашақ үміткерлерге мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу жолдарын түсіндіру.

Өз сөзінде Атырау қала әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі бөлімінің басшысы Марта Насиповна Нургалиева мемлекеттік қызметке қалай орналасу, тест тапсыру және де әкімшіліктің құрылымымен таныстырды. Мемлекеттік қызметке алдымен орналасу бірінші кезекте өтініш толтырады содан соң тест тапсырады. Тесттен 50 баллдан жоғары жинаған тұлғаға сертификат табысталады. Сол сертификатпен 1 жыл көлемінде Республиканың барлық аймағындағы мемлекеттік қызметке орналасады. Тесттің өзінің тапсыру тәртібі бар, оны Egov.kz сайтынан көруге болатындығын айтып өтті.

ҚР Мемлекеттік қызмет істер жөніндегі агенттіктің Атырау облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы Қақиева Айнагүл Қазбекқызы дипломмен ауылға атты бағдарламаның аясында ауыл аймақтарға жұмыс жасауға ниет білдірген жас мамандарға сол аймақтан үй беріліп, жалақысына қосымша ақы қосылады. Мемлекеттік қызметкердің жалақысына да тоқталып отырып, қазіргі таңда лауазымына байланысты еңбек ақы жоғарлау үстінде және де сыйақылар, жасалған жұмысына байланысты бонустар беріледі. Бірақ жас маманның тұрғылықты мекенжайы сол жіберілген ауыл аймақтан болмауы тиіс.

Кездесу соңында студенттер өз сұрақтарына толыққанды жауаптарын алды.



